

## «Арайлы алтын күз»

**Мақсаты:** Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл күй сыйлау. Күз туралы түсініктерін кеңейту.

**Көрнекіліктер:** Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Жапырақтардың суреттері, шар, гул т.б

**Жүргізуші:** Қарсы алайық бәріміз,

Жасымызбен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күз бізге нұр беріп.

Армысыздар құрметті ата-аналар, ұстаздар мен қонақтар «Балдырған» тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Арайлы алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған, сары алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады.

Ендеше:


«Арайлы алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Алтын күз, жаңбырлы күз,

Жомарт күз, суығына шыдайтын.

Сұлулығына көз тоймайтын,

Алтын күздің тойында.



Олай болса, бүгінгі ертеңгілігіміздің басты кейіпкерлері  
бүлдіршіндерімізді жұптарымен ортаға шақырамыз.

Балалар залға қол ұстасып жұп-жұбымен келеді.

**Балалар хормен:** Шаршауды білмейміз,  
Көңілді би билейміз.  
Әсем сазды ән салып,  
Би билеуге дайынбыз.



**Жүргізуші:** Қызыл, жасыл, сары алтындай,

Жапырақтар көздің көркі.

Ән салайық, би билиік,

Күз әніне қосыла-деп сіздердің құрметтеріңізге:

«Жемістер» биін тамашалаңыздар.



**Жүргізуші:** Балдырғандар бүгінгі,

Еркелігін тастайды.

Күз туралы сіздерге,

Тақпақтарын бастайды-деп өлең шумақтарына кезек береміз.

**1. Айбибі:** Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді .

**2. Нұрлы:** Алтын, сары, қызыл түс,

Алуан-алуан жапырақ,  
Күзгі бақта күлімдеп,  
Көз тартады атырады.

**3.Нұрай:** Күз сыйқырлы ханшайым,  
Бізге келер жыл сайын.  
Жеміс-жидек көкөніс,  
Бәрі пісіп тұр дайын.

**4.Айда:** Қарашы күз келді,күз келді,  
Сары алтын жарыпты іздерді.  
Құс біткен керуен түзеді,  
Неліктен көңіліміз күз енді.

**5.Алина:** Алтын күзге ризамын,  
Ризығы мол күз екен.  
Қамба толды астыққа,  
Міне шаттық мереке.

**Жүргізуші;**Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.Сендер бұл жұмбақтың шешуін тапсаңдар біздің көптен күткен қонағымыз келеді.  
Ендеше жұмбақты тыңдаңдар.

**Жүргізуші:** Көк майсалы көрікті,  
Алқап тола көп екен.  
Бұл күндері киіпті,  
Сары жібек көйлегін. (Күз)

Жапқандай жапырағымен айналаны,  
Қуантып байлығымен халқымды.  
Бір қуантып қайту үшін біздерді,  
Сабырлы сары алтын күз келді.

Балалар хормен Біз сізді күтудеміз Алтын күз.

Күз ханшайымы келеді.

Сәлеметсіңдерме балалар мен сендердің өнерлерінді тамашалауға келдім,

**Жүргізуші;** Сәлеметсізбе күз ханшайымы келіңіз, төрлетіңіз сіз бізге өзіңізбен бірге береке, байлық, тоқшылық молшылық ала келдіңіз. Біздің өнерлі балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыздар.

**Ұлдар биі (флешмоб)**





Келесі тамашалайтындарыңыз қыздар биі (Жеміс жинау.)

Осымен «Балдырған» ортаңғы тобының «Арайлы алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды.Қош сау болыңыздар!